

«Сарыжар ЖОББМ»КММ

**2 "Ә" сыныбының 2022-2023 оқу жылындағы
жыл бойынша жасалған тәрбие жұмыстарының
ЕСЕБІ**

Сынып жетекшісі: Г.У. Дуйсенғалиева

2022-2023 оқу жылы

Сарыжар ЖОББ мектебінің 2 «Ә» класс мұғалімі
Дуйсенғалиева Гульнараның 2022-2023 оқу жылы бойынша
жүргізген жұмыстарына сараптама

2022-2023 оқу жылының басында 27 оқушы, 20 ұл, 7 қыз бала болды. Жоспар бойынша барлық жұмыстар уақытында жүргізілді. Кластың білім сапасы I тоқсанда 55,5% көрсеткішпен, 5 оқу озаты, 10 екпінді, 12 орташа болды.

Қыркүйек айында «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық», «Өз құқығыңды білгенің, дұрыс өмір сүргенің», «Ана тілім ардағым!» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен қатар М.Әуезовтың 125 жылдығы, М.Мәметованың 100 жылдығы да атап өтілді.

Қыркүйек айында «Сарыжар ЖОББМ» КММ-нің кәсіподақ ұйымының атынан Алғыс хат алдым.

Қазан айында «Жол жүру ережелерін білеміз бе?», «Қонақ келсе, құт келеді», «Әдеп пен әдеп» тақырыбындағы тәрбие сағаттары мен бірге «Қазыбек бидің 355 жылдығы» атап өтілді. Қазан айында мектепте ұйымдастырылған жәрмеңкеге оқушылар мен ата-аналар белсене қатысты. «Кенгуру – математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурсына оқушыларым қатысып, Кенжебергенов Алмат, Рахимжан Кәусар II дәрежелі диплом, Жақсыберген Мирас пен Қаналы Ералы II дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Республика күніне» ұйымдастырылған «Республикам менің» атты қолөнер көрмесіне белсенді қатысып, Амангос Әлинұр мен Орынбай Әдемай I орын алды. Көшенов Асылхан, Орақбай Талғат және Рахимжан Кәусар белсенді қатысқандары үшін марапатталды.

Қараша айында «Мақатаев оқулары» конкурсына бірнеше оқушы қатысты. «Бала дауысы-2022» Патриоттық әндер байқауына белсене қатысқаны үшін Мұқанова Жазира марапатталды. Желтоқсан айында «Туым – теңдігім, Елтаңбам – елдігім, Өнұраным – айбыным!» және «Тәуелсіздік – тұғырым» атты тәрбие сағаты өтіп, мектептің әлеуметтік желісінде жарияланды.

2 «Ә» сыныбын мектепте ұйымдастырылған «Қош келдің, жаңа жыл, жаңа белес, жаңа арман» атты жаңа жыл мерекесінде «Аққалалар шеруінде» белсенділік танытып, қолөнерді жоғары деңгейде дайындағаны үшін марапаттады.

Ақпан айында «Тазалық - денсаулық кепілі», «Еңбекқорлық пен еріншектік», «Адамның асыл қасиеттері» тақырыптары қамтылды.

«Дарын» Республикалық ғылыми- практикалық Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадаға 9 оқушы қатысты. Барлығы

дипломмен марапатталды. Наурыз айында «Абай оқулары» конкурсына 2 оқушы қатысып, ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

Наурыз айының жоспарына сәйкес «Өмір жыры – аналар!», «Наурыз тойы – мереке, салт-дәстүрім береке!» мерекелері өткізілді. Оқушылар көктемгі демалысқа қайтуына байланысты қауіпсіздік ережелерін еске түсіріп, қай жерде жүрсе де абай болулары қажет екендігі қатаң ескертілді.

Сәуір айында «Ұлттық ойын--халық мұрасы», «Жақсыдан үйрен, жаманнан қашырып», «Салауаттылық- саулық негізі» тақырыптарында сайыс сабақтар өткізілді. Мамыр айында атаулы мерекелер атап өтілді. 1-мамыр мектепшілік сайысқа қатыстық, 7-мамыр және 9-мамыр тәрбие сағаттары өтті. Сонымен қатар «Әке- отбасы діңгегі», «Дені саудың -жаны сау» және «Табиғаттан нәр алып» тақырыптары да қамтылды.

2022-2023 оқу жылының соңында 2«Ә» сыныбында 26 оқушы, оның 19 ер бала, 7 қыз бала болды. Оқу жылын осы 26/7 оқушымен аяқтады. Жоспар бойынша барлық жұмыстар уақытында жүргізілді.



